

ӘОЖ 37.01:39

ҒТАМР 14.43.47

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.81.2.003>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК НЕГІЗІ

***Бахтиярова Г.Р.¹**

***¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақала мазмұнында жоғары мектеп саласында отандық этнопедагогика ғылымы тұрғысынан педагог кадрлар даярлығын жүзеге асыруда ұлттық құндылықтарды педагогикалық үдеріс мазмұнында пайдаланудың маңызы мен өзектілігі жан-жақты сөз етіледі. Білім алушылардың кәсіби этнопедагогикалық білім, білік, дағдыларын қалыптастырудағы ұлттық құндылықтарды педагогика заңдылықтарына сай мақсатты, кешенді, жүйелі пайдаланудың қажеттілігі талданып, тұжырымдалады.

Ұлттың зияткерлік қуатын құрайтын ұстаздар қызметінің «Адам – Адам» және «Адам – Таңба» жүйесінде көрініс табатын көп факторлы, қарама-қайшылыққа толы, күрделі екендігіне жан-жақты түсінік беріліп, тұжырымдалады.

Автор этнопедагогикалық бағыттағы кәсіби даярлықтың маңызын бүгінгі қоғам талабына сай білім беру жүйелеріне ортақ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыратын білікті педагог маман кадрлар қажеттілігі мен оларды ЖОО-да даярлау деңгейінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтарды негіздей отырып, проблеманы шешудің жолдарын ұсынады.

Осы бағыттағы зерттеулер үшін «құндылық», «ұлттық құндылықтар» ұғымдарының мәнін анықтап, мазмұнын түсінудің және олардың ара-жігін ажыратудың маңыздылығын тұжырымдай отырып, ұлттық құндылықтар жүйесін топтастырып ұсынады. Сонымен қатар автор орындалған зерттеулер негізінде «этнопедагогикалық дайындық», «этнопедагогикалық білім беру», «этнопедагогикалық мәдениет» ұғымдарының мәнін түсінудің маңыздылығын баса айтады.

Педагогикалық теория мен бүгінгі тәжірибе арасындағы байланысты негіздей отырып, жаһандық құзыреттіліктер мен қатар кәсіби этнопедагогикалық білім, біліктіліктер жүйесін ұлттық рухани-мәдени мұралар негізінде қалыптастырудың маңыздылығын айқындап көрсетеді. Осы орайда автор ЖОО білім беру бағдарламаларының, жеке оқу бағдарламалары мен оқу пәндерінің мазмұнын жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар беріп, өзіндік көзқарастарын білдіреді.

Тірек сөздер: этнопедагогика, этнопедагогикалық білім беру, құндылықтар, ұлттық құндылықтар, кәсіби даярлық, кәсіби білім және білік, дәстүрлі педагогикалық мәдениет, болашақ педагог даярлығы

Кіріспе

XXI ғасыр жаһандық жаңа трендтердің қалыптасуымен, әлемдік деңгейде түрлі салада цифрлық дамудың қарқынды жүруімен ерекшеленіп, бізді қоғамдық-саяси, мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық, климаттық өзгерістердің куәсі етіп отырған айрықша уақыт кесіндісі. Осындай күрделі өзгерістер жағдайында қоғам мен ғылымның алдындағы өзекті, маңызды мәселенің бірі – ұлттың жаңа болмысын, адам капиталын қалыптастыруды, жеке тұлғаның бүгінгі заманға сай әлеуметтенуін ұлттық құндылықтар негізінде қамтамасыз ету басты назарда болып отыр. Баршамызға ортақ міндет – Жаңа Әділетті Қазақстан құрып, оны келер ұрпаққа аманат ету бізден сол ұрпаққа сапалы білім мен терең тәрбие берудің маңыздылығын ескертеді.

Бұл жоғары талаптардың орындалуы ең алдымен ғылым мен жоғары білім беруді дамытудағы жоғары мектеп педагогикасы (теория мен практика) саласында бірқатар өзгерістер жасау қажеттілігін көрсетіп отыр. Әсіресе педагогикалық кәсіби білім беруді әлемдік деңгейде сәйкестендіруде инновациялық технологиялар, сандық педагогиканың жетістіктері мен жасанды интеллект мүмкіндіктерімен қатар, ұлттық құндылықтарымызға негізделген мақсатты этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру қағидаттарын жүзеге асыру қажеттілігін мойындатуда. Бұл талаптар үйлесімді, әділетті әрі тұрақты қоғам құру ісін жалғастыруымызда елімізде әлемдік бәсекеге қабілетті, бүгінгі уақыт талабына тез бейімделе алатын, кәсіби педагогикалық жүйедегі Hard skills (қатан) дағдылар мен қажетті Soft skills (икемді) дағдыларды өзара үйлесімді меңгерген, кемел тұлғаны қалыптастырып, әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман, теория мен практиканы сабақтастыра алатын, терең, сапалы білімдер мен білік иесі ұстаздар қауымын жоғары кәсіби деңгейде даярлау ісіне тікелей қатысты.

Осы орайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру ісінің маңыздылығын айрықша атай келіп, өз сөзінде: «Жоғары оқу орындары мен өзге де кәсіптік білім беру мекемелері білікті кадрлар даярлауы қажет. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал», - деп ескертті [1]. Сонымен қатар, Президент республика деңгейінде өткен ұстаздардың тамыз конференциясының пленарлық отырысына өзі қатысып, сөйлеген сөзінде: «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман»

(2025 ж. 8 тамыз) иесі екенін атап көрсетті. Бұл айтылған мемлекеттік деңгейдегі талаптар еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындарының жұмысына, кәсіби білім беру мен жастар тәрбиесінің сапалы ұйымдастырылуына айрықша көңіл бөлудің маңыздылығын айқындап, отандық жоғары мектеп педагогикасы ғылымының алдына уақыт талабына сай білім мен тәрбие мазмұнын жетілдіру ісін қойып отыр.

Материалдар мен әдістер

Ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, педагогикалық бағыттағы маман кадрлар даярлығын жүзеге асыратын жоғары оқу орны өз білім алушыларына уақыт талабына сай жаһандық құзыреттіліктермен қатар кәсіби этнопедагогикалық білім, біліктіліктер жүйесін қалыптастырудың мәнін айқындауда Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, әр ЖОО-ның дербес білім беру траекториясын анықтайтын Модульдік білім беру бағдарламасы (*одан әрі* МБББ) мен жекеленген пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұнына жан-жақты, жүйелі сараптау жүргізуге ықпал ететін теориялық зерттеу әдістері: деректер жинақтау, сұрыпталған фактілерді жүйеге келтіру, талдау, нақтылау, жіктеу, салыстыру, жалпылау, тұжырымдау әдістері қолданыс тапты. Соның ішінде мақала мазмұнына арқау болып, ғылыми айналымға енгізілген негізгі ұғымдардың мәнін талдап, түсінуде контент-талдау (анализ) әдісі кеңінен қолданылды. Осы тақырып аясында педагогикалық құбылыстар мен үдерістердің барысына зерттеулер жүргізуде кешенді түрде мақсатты педагогикалық бақылау жүргізіліп, оқу-әдістемелік құжаттарды зерттеу мен әңгіме, сұхбат жүргізу әдістерінің қолданылуы маңызды, бұл жинақталған деректердің шынайылығы мен нақтылығын, әрі дәлелді болуын қамтамасыз етеді. Мақсатты зерттеулер барысында жинақталған деректер қоры мен әдістер жүйесі жоғары оқу орындары жағдайында қазақ халқының болмысына тән ұлттық құндылықтардың кәсіби этнопедагогикалық білімдер мен біліктіліктер қалыптастырудағы тиімділігін, оларды оқу үдерісінде жүзеге асырудың жолдарын анықтауға мүмкіндіктер берді.

Нәтижелер және талқылау

«Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық», - деген Қазақстан Республикасы Президентінің осы бір ой тұжырымы бүгінгі педагогикалық бағыттарда маман кадрлар даярлығын қамтамасыз етуші ЖОО-на уақыт талабына өзіндік үн қоса алатын, қоғамдағы адам капиталын қалыптастырушы өз ісінің шебері, білікті ұстаздар даярлығын жүзеге асыру ісіне аса мән берілуі тиіс екендігін еске салып, үлкен жауапкершілік артып отыр [1].

Жас ұрпақ тәрбиесі қай қоғамда да күн тәртібінде тұрған маңызды қоғамдық, әлеуметтік, педагогикалық күрделі мәселе. Ал осы істі жүзеге асырушы, әрі қоғамдық жаңа талаптар мен өзгерістер тұрғысынан педагогика ғылымының заңдылықтарына сай басқаратын ұстаз кәсібі «АДАМ – АДАМ» және «АДАМ – ТАҢБА» жүйесінде көрініс табатын *көп факторлы, атқаратын функциясына орай қарама-қайшылыққа толы, күрделі* мамандықтың бірі.

Осы орайда ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ағымдағы оқу жылында (2025-2026) 1-қыркүйектен бастап меншік түріне қарамастан еліміздің барлық білім беру ұйымдарына (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру) ортақ, тәрбие ісіне өзіндік қайта бір серпін беріп отырған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының іске қосылғандығын ресми түрде хабардар етті [2].

Арнайы құжат Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Бұйрығы (26.05.2025 ж. № 123) негізінде күшіне енді [3].

Осындай тәрбие мазмұнын жетілдіруге бағытталған құрылымдық жүйесі мен жаңа бағыттары нақты көзделген «Адал, еңбекқор, елжанды, ұрпақ тәрбиелеу» ісін жүзеге асырудағы «Мектеп – Ата-ана – Қоғам» байланысын нығайтуды көздей отырып, тәрбиеде ұлттық құндылықтарға ден қою қажеттілігін айқындап отырған құжаттың қабылдануы да маңызды мемлекеттік деңгейде жасалған қадамдардың бірі деп білеміз.

Бүгінде бұл «Адал азамат» бағдарламасы педагогикалық тәжірибеде жүйелі түрде жүзеге асырылып, жалпы ұстаздар қауымының кәсіби әлеуетін арттырып, тәрбие ісіне мақсатты түрде ата-аналарды тартуда және жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, жан-жақты тұлғалық қалыптасып, дамуына өзіндік ықпал етуде. Осындай халықаралық деңгейде танымдық-тәрбиелік әлеуеті мойындалып отырған бағдарлама бүгінгі ЖОО жағдайында кәсіби даярлықты жүзеге асыруда, әсіресе, болашақ балабақша мен мектеп педагогтарын кәсіби өмірдің жауапкершілігіне тәрбиелеудегі академиялық стратегиялық нормативті құжат ретінде жетекші рөл атқарып отыр.

Демек, бүгінгі студент – ертеңгі болашақ тәрбиеші-ұстаз ретінде жоғары мектеп қабырғасында жүріп кәсіби құзыреттіліктерді жан-жақты меңгеруде мақсатты, жүйелі түрде *этнопедагогикалық білімдер мен білік, дағдыларды* өз бойына сіңіруі тиіс деп білеміз. Бұл бүгінгі теория мен практика арасындағы сұранысқа сай сабақтастық пен МБББ жасақтаудағы ЖОО мен стейкхолдерлер, яки, жұмыс берушілер, практика алаңдары арасындағы тығыз байланыстың болуын талап етеді.

Өйткені, оқушыларға адалдық, еңбекқорлық, патриотизм қасиеттерін сіңіру, мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайтуды мақсат еткен бағдарламаны жүзеге асыратын білікті маман педагогтың өзі ең алдымен кәсіби тұрғыда ұлттық рухани-мәдени мұралардан жан-жақты хабардар, терең этнопедагогикалық білім, біліктер мен дағдыларды меңгерген, өз

елінің нағыз патриоты, ұлттық рухы биік студент болуы тиіс. Бұл бағытта бүгінгі жоғары оқу орындарының білім мазмұны практика алаңдарын бұрын жүзеге асырылып келген «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы, мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестік тапқан жаңа мазмұнға ие осы «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыруға жан-жақты даярлықтан өткен мамандармен қамтамасыз етуге бағдарлануы тиіс.

Осы орайда жоғары мектеп деңгейінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде ұлттық құндылықтыр негізіндегі білім мен тәрбие мазмұнының сапалы қамтамасыз етілуіне академиялық жауапкершілік жоғары болуы тиіс. Біздің еліміз Қазақстан мемлекетін құраушы негізгі ұлт өкілдері – қазақтарға тән рухани-мәдени құндылықтар арқылы болашақ мектепке дейінгі, бастауыш мектеп және жалпы мектеп мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қамтамасыз етудің тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-саяси алғышарттарын анықтап және білім мазмұнына сай тәжірибеде жүзеге асырудың тиімді жолдарын қайта қарау қажеттілігін мойындау керекпіз.

Осы бағыттағы зерттеулер үшін ең алдымен «құндылық», «ұлттық құндылықтар» ұғымдарының мәнін анықтап, мазмұнын түсіну, олардың ара-жігін ажырату өте маңызды. Ғалымдар анықтамалығы болып табылатын мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздікте: «құндылық – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады», - деп түсінік беріледі [4, 156 б.].

Қазақстандық педагог ғалымдар тұжырымында: «Ұлттық құндылықтар – бұл ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсететін, адамзат үшін маңызды әрі құнды болып саналатын ұлттық тілдің байлығы, мәдени мұрасы, салт-дәстүрлері, ұлт тарихы және рухани мұраттарының жиынтығы» екендігі нақтыланып, анықтама беріледі [5]. Демек, ұлттық құндылықтар – нақты бір ұлт өкілдерінің ғана құнды деп есептейтін дүниелері, ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың, этнос мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы деп тұжырымдауға болады.

Ұлы даланы мекен еткен қазақтардың ұлттық құндылықтары ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде, өз ана тілінде, діні мен ділінде, өнерінде (сөз, қол, бейнелеу, музыка өнері), күнделікті тұрмысында айшықты көрініс тапқан. Осындай бай рухани, материалдық формадағы ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан ұрпаққа мақсатты, жүйелі, үздіксіз тәрбие үдерісі негізінде беріліп, тарихи сабақтастық тұрғысынан өз жалғасын тауып келеді.

Ұлттық құндылықтар жүйесінің қайсыбірі болмасын келешек ұрпақ үшін баға жетпес таным мен тәрбиенің құралы бола алатыны еш күмән тудырмасы сөзсіз.

Жалпы құндылықтар мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психология

ғылымдарының зерттеу нысаны болды. Мәселен, философтар мен мәдениеттанушылар (Т. Парсонс, Р.Б. Перри, А.Г. Здравомыслов, В.П. Тугаринов, Б.И. Додонов, Т. Ғабитов, Б. Ерасов, Ғ. Есім, Д. Кішібеков, Қ.Әбішев, С. Нұрмұратов және т.б.) түрлі кезеңдерде құндылықтардың ғылыми әлеуметтік-философиялық мәнін айқындап, өз көзқарастарын білдіріп отырды.

Соның ішінде қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптасу негіздері өткен түрлі тарихи кезеңдердің өкілдері: ғұлама ойшылдар (Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн және т.б.), ағартушылар (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев) еңбектерінен, сондай-ақ, ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы педагог-ағартушылар (М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, А.Байтұрсынов және т.б.) рухани мұраларынан бастау алады.

Құндылық бағдардың қалыптасуының теориялық негізін алыс және жақын шетел ғалымдары (В.Н. Мясичев, Л.С. Рубинштейн, Д.Н. Узнадзе, А.И.Титаренко, А.В. Кирьякова, Н.Г. Казакина және т.б.) өз дәуірлері тұрғысынан қарастырса, оқушылардың адамгершілік құндылықтарының жалпы сипаттамасы мен түрлері өзге зерттеушілер (Л.И. Рувинский, Н.Е.Щуркова және т.б.) еңбектерінде жан-жақты зерттеліп, зерделенген.

Ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтар этнопедагогикалық, этнопсихологиялық тұрғыдан отандық танымал ғалым-педагогтар: Қ.Б.Жарықбаев, С.К. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, Ж.Ж. Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, Р.К. Төлеубекова, Р.Қ. Дүйсембінова, Қ. Бөлеев, С.Қ.Әбильдина, Г.Р. Бахтиярова және т.б. қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде түрлі қырынан сөз етіліп, қамтылған.

Ал бүгінгі әлемдік педагогикалық көзқарастар тоғысында (Scopus базасындағы) ұлттық құндылықтарға, халықтық педагогика мұраларына негізделген жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселелерін түрлі қырынан көтеріп отырған ғылыми мақалалар жеткілікті.


«Revitalizing local wisdom within character education through ethnopedagogy approach: A case study on a preschool in Yogyakarta» атты мақала авторлары (S.A. Sakti, S. Endraswara, A. Rohman) Иогьякартадағы мектепке дейінгі ұйымда жүргізілген тақырыптық зерттеулер негізінде этнопедагогикалық қатынас арқылы балалар мінезін тәрбиелеу шеңберінде жергілікті халық даналығын жандандыру мәселесін арнайы сөз етеді [6]. Зерттеушілер тобы Иогьякартадағы балабақша тәжірибесінде балалардың өз ұлтына тән жергілікті дәстүрлі мәдениетті жақсырақ қабылдап, түсінетінін дәлелдеп, көрсетеді, яки, этнопедагогикалық тәлім-тәрбие негізінде балалардың бойында жауапкершілік, адалдық, ынтымақтастық, құрмет сияқты қасиеттердің қалыптасып, дамыйтындығын, отбасы мен жергілікті қауымдыстықтың белсенді араласуы тәрбиелік әсердің ықпалын арттыратындығын тұжырымдайды. Авторлар пайымында, мектеп – «жеке әлем» емес, ол тәжірибеде белсенді мәдени кеңістіктің бір бөлігіне айналуы тиіс екенін ескертеді. Жүргізілген жан-жақты зерттеулер нәтижесінде авторлар: «этнопедагогика – ерте жастағы балалардың мінезін дамытудағы

ең жақсы құралдың бірі, өйткені нәтижелі, сапалы тәрбие мен оқыту өз мәдениетінде болғанда ғана «тамыр алады» деген тұжырым жасайды [6].

Сол секілді бүгінгі халықаралық басылымдарда біздің отандық зерттеушілер (М.А. Kusainova, R.N. Zharanova, G.M. Kertaeva және т.б.) тарапынан да білім мен тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздерін, шарттарын қарастырған ғылыми зерттеулер нәтижесі жарияланып жүргенін көруге болады. Білім беру процесінде бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастырудың этнопедагогикалық шарттары туралы (Ethno-pedagogical conditions for forming a healthy lifestyle in the educational process of younger schoolchildren) мақалада мектеп бағдарламаларына ғана емес, сонымен қатар халықтық педагогикаға, этнопедагогикалық дәстүрлерге, ұлттық құндылықтарға және отбасы мен қоғамның мәдени тәжірибесіне сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының бойында салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімділігі дәлелденіп, тұжырымдалған [7].

Бұл айтылған көзқарастардан біз, *біріншіден*, ұлттық құндылықтарға негізделген этнопедагогикалық білім мен тәрбиенің бүгінгі таңда әлемдік педагогикада қолдау тауып отырған өзекті мәселе екенін аңғарсақ, *екіншіден*, бұл этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру ұстанымының барлық білім беру деңгейіне ортақ екендігінің дәлелі, *үшіншіден*, ұлттық негіздегі тәрбие мен білім берудің маңызды мәселе ретінде түрлі қырынан зерттеулер объектісіне айналып, қолдау тауып отырғанын анық көреміз.

Осындай түрлі бағыттарда, түрлі ғылыми зерттеу пәндері тұрғысынан терең зерттеліп, зерделенген еңбектерді жан-жақты талдай келе, орындалған еңбектердің мазмұнын негізге ала отырып, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды арнайы сурет мазмұнында топтастырып, жүйелеп көрсетуге болады (сурет1).



Сурет 1- Құндылықтардың топтастырылу жүйесі

Осындай жүйелеулер негізінде тұтастай алғанда қайсыбір ұлттық құндылықтар жүйесі болмасын өзара сабақтастықта ұлттың жаңа келбетін айқындайтын құндылықтарды ажырата аламыз. Олар үйлесімді педагогикалық тәжірибеде барлық білім беру жүйесінде педагогикалық үдеріс мазмұнында ұтымды, оңтайлы қолданыс тауып отырса ғана ұлттық бірегейлікті сақтап, қоғамға, өз ұлтына адал қызмет ететін, экономикалық, экологиялық мәдениет иесі, еңбекқор, кәсіби біліктілігі жоғары, жасампаз, жаңашыл, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында қызмет ететіндігі сөзсіз.

Осы орайда жоғары мектептегі кәсіби педагогикалық даярлық жүйесінде «этнопедагогикалық дайындық», «этнопедагогикалық білім беру», «этнопедагогикалық мәдениет» ұғымдарының мәнін түсіну өте маңызды болып табылады.

Бұл орайда ТМД ғалымдары: Г.Н. Волков (Чуваш), Б.А. Кадыров (Өзбек), А.Ш. Гашимов (Әзірбайжан), А.Л. Бугаева (Сібір халықтары), Х.Х-М.Батчаева (Қарачай), В.Г. Закирова (Татар) және т.б. өздерінің зор үлестерін қосты.

Ал қазақстандық ғалымдар қатарында: С.Қ. Қалиев, Қ.Б. Жарықбаев, С.А. Ұзақбаева, Ж.Ж. Наурызбай, К.Ж. Қожахметова, Қ. Бөлеев, А.С. Мағауова, Ш.М. Мұхтарова, Ұ.М. Абдигабарова, С.Қ. Әбілдина, Г.Р.Бахтиярова және т.б. еңбектері бізге бүгінгі таңда отандық кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарымызды жоғары мектептердің тәжірибесінде ұтымды, мақсатты, жоспарлы түрде тиімді пайдаланудың бағыттарын, педагогикалық мүмкіндіктерін, шарттарын анықтап жүзеге асыруда ғылыми-практикалық, әдістемелік тұрғыдан мол деректер қорын бере алады. Осы аталған ғалымдар еңбектері негізінде республикада жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы алғаш рет жасалып (С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова) [8] тәжірибеге енгізілсе, көптеген білім алушылар үшін оқулықтар, оқу құралдары, жаңа мазмұндағы оқу пәндерінің бағдарламалары құрастырылып, ұсынылды. Ал кейбір зерттеулердің нәтижесінде кәсіби педагогикалық, психологиялық пәндердің мазмұны қазақ этнопедагогикасы, қазақ этнопсихологиясы материалдары негізінде жетілдіріліп, қосымшалар, бірқатар құнды әдістемелік ұсынымдар мен құралдар, электронды оқу құралдары (С.А. Ұзақбаева, Г.Р. Бахтиярова және т.б.), мобильді қосымшалар жарық көріп, қолданыс тапты [9; 10].

Осы мәселе аясында біз өзіміздің жоғары оқу орны жағдайында әр оқу орындарының алдында қойылған миссияға аса мән беру өте маңызды деп білеміз. Біздің тәжірибеде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті миссиясы: «Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен «кемел тұлғаны» қалыптастыру» - деп, бүгінгі уақыт талабына сай тұжырымдалған.

Бұл орайда біздің «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасы өзінің педагог-маман кадрлар даярлығын жүзеге асыруда екі (2) бакалавриат деңгейіндегі Модульдік БББ (2025 ж.) негізінде білікті кәсіби мамандық иелерінің даярлығын жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда:

- 6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
- 6B01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (Minor:
6B01902 – Арнайы педагогика (логопедия), ал магистратура деңгейіндегі
екі (2) МБББ:

- 7M01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
- 7M01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
бойынша мамандар даярлығы қамтамасыз етіледі. Сол секілді ғылыми
кадрлар даярлығын жүзеге асыру мақсатын көздейтін бір (1) докторантура
деңгейіндегі Модульдік БББ 8D01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы
мен әдістемесі бойынша республика деңгейінде педагог-кадрлар даярлығын
қамтамасыз етуде кафедра мақсатты жұмыстар жүргізіп отыр.

Егер біз әр МБББ ерекшелігін, кәсіби даярлық бағытын, деңгейін
ескере отырып, соңғы кездері республика деңгейінде этнопедагогикалық
бағыттағы жұмыстарымыз (оқу, тәрбие) әлі де болса жетілдіру мен қолдауды
талап ететінін ескерсек, жоғарыда айтылған талаптарға сай педагог-кадрлар
даярлығының сапасын арттыруға анағұрлым ықпал етудің мүмкіндігі артта
түсері сөзсіз.

Бүгінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнына жасалған
талдаулар аңғартып отырғандай педагогикалық бағыттағы МБББ әлі де
болса қазақ этнопедагогикасы материалдары негізінде қайта жетілдіруді
қажет етеді. Демек, кәсіби педагогикалық даярлықта ұлттық құндылықтар
– этнопедагогикалық білім мен біліктілік негізін құрап, болашақ мұғалім
тұлғасын қалыптастыру құралына айналуы тиіс.

Өйткені студенттік шақ әр жастың тек кәсіби тұрғыдан ғана емес,
тұтастай тұлғалық болмысы қарқынды әлеуметтенуі жүретін айрықша кезең
болып табылады. Осы орайда біз этнопедагогикалық, этнопсихологиялық
бағыттағы жетілдірілген білім мазмұны арқылы жоғары мектеп оқытушысы
әр студент тұлғасына жан-жақты ықпал етудің мүмкіндігіне де ие
болатындығын ескергеніміз жөн. Нақты айтқанда әр оқытушы «ОҚЫТУШЫ
– СТУДЕНТ (тұлға)» қарым-қатынас жүйесінде ең алдымен *білім беруші,*
тәрбиелеуші, дамытушы, әрі әлеуметтендіруші функцияларды қатар,
белсенді атқарады.

Демек біздің көзқарасымызда бәсекеге қабілетті қазіргі уақыт
талабына сай, кәсіби құзыретті этнопедагогикалық білімі терең, білікті
педагог тұлғасының даярлығын жүзеге асырудың бүгінгі педагогикалық
үдерістегі мүмкіндіктері жан-жақты зерделеніп, қайта қарастыруды, әрі
әдістемелік тұрғыдан жедел қамтамасыз етуді қажет ететін басты міндеттің
бірі.

Өз заманында қазақ педагогикасында халықтық педагогиканың күшін
тиімді пайдалану туралы өз көзқарасын білдірген ұлт ұстазы Ы.Алтынсарин:
«...Мұғалім – мектептің жүрегі» - деп ескертсе, ал орыс педагогикасының
атасы К.Д. Ушинский: «Бірінші тәрбиеші халық, одан тәжірибе алып, оны
ұйымдастырылған арнайы тәрбие жүйесіне ендіру қажет», ал «Халықтықсыз
халық – заңды іріп-шіруі ғана қалған жансыз дене» - деп барша халықтар
педагогикасына ортақ орынды тұжырым айтты [11, 253 б.].

Ал қазақ тіліне аударылып, әлемдік деңгейдегі ең үздік 100 жаңа оқулықтар қатарында танылған Англияның оқу бағдарламаларындағы соңғы өзгерістерді, 2014 жылы сол елде қабылданған мемлекеттік білім беру бағдарламасы мен Шотландияның Мемлекеттік білім беру бағдарламасы жобасын жан-жақты талдай отырып жазылған «Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шындау» атты сараптамалық нұсқаулық еңбекте «Үздік мұғалім болу үшін не қажет?», «Үздік оқыту қандай болады?» деген көпшілікті алаңдататын сұрақтарға осы еңбектің авторы Рассел Григг жауап іздей келіп: «Әділетті әрі толерантты қоғам құруда мұғалім мен мектептің атқаратын рөлі зор». ...«Мұғалім рөлі ерекше, өйткені ол – мәдениет жанашыры. Оқушылардың мұражайға, галерея мен кітапханаға барып, жергілікті және ұлттық мұралармен танысып, ләззат алуы үшін есік ашатын да осы мұғалім», - деп жазады [12, 24-25 б.]. Осы айтылған көзқарастан біз барша әлемдік білім кеңістігінде озық үлгідегі мектеп, оқыту технологиясы бар европалық жүйеде де ең алдымен балаға білім мен тәрбие беретін мұғалім беделі, рөлі ерекше бағаланатындығын және ұлттық құндылықтар жүйесін оқушыға бастауыштан бастап меңгерту ісіне мән беріліп отырғанын аңғарамыз.

Сол секілді салыстырмалы педагогика саласынан ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген ғалым А. Құсайынов жапондықтардың озық білім беру жүйесін, мазмұнын талдап, зерделей келіп «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» атты еңбекте Жапониядағы білім берудің басым бағыттары туралы: «Бүгінгі күні жапон мектебі жапондардың ұлттық рухын таратады, өз тәрбиеленушілерінде адамгершіліктің сәйкес нормаларын қалыптастырады, олардың бойында ұлттық мінез ерекшеліктерін егіп, дамытады», - деп жазады [13, 143-144 б.]. Бұдан біз әлемдік деңгейде алдыңғы қатардағы дамыған елдердің білім беру жүйелері үшін де басты бағдар жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беретін ең алдымен мектеп ісін дамыту, кәсіби білікті ұстаз тұлғасы және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие екенін айқын көреміз.

Сондықтан бүгінгі университеттер мен педагогикалық институттардың академиялық сапа саясаты *ұлттық құндылықтарымыздың* кәсіби білім беру мазмұнынан өз орнын тауып, көрінісі беруіне мән берулері тиіс.

Бұл орайда біздің Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатына сай барлық (бакалавриат деңгейінде) университеттік білім беру бағдарламаларына жоғары оқу орны компоненті (БП ЖК) ретінде 3 кредит көлемінде «Ұлттық руханият» пәнінің міндетті пән ретінде оқытылуы құптарлық. Дегенмен сонау еліміз егемендік алған алғашқы жылдарда барлық сол кезеңдердегі педагогикалық мамандықтарда міндетті, енді бірде элективті пәндер қатарында оқытылған «Этнопедагогика», «Этнопедагогикалық білім беру негіздері», «Этнопсихология», «Қазақ педагогикасының тарихы» пәндерінің орнын қайта қарап, білім мазмұнын ұлттық құндылықтар негізінде толықтырып, меңгертуді жетілдіру өзекті мәселе ретінде қалып отыр.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын жүзеге асыруда білім мазмұнын ұлттық құндылықтар негізінде жетілдіруде тек оқу пәндері негізінде ғана емес, білім алушылардың ҒЗЖ, Жоба орындау және курстық, дипломдық жұмыстары, әр оқу кезеңіндегі оқу (таныстыру) практикасы (1-курс), психологиялық-педагогикалық практика (2-курс), педагогикалық практика (3-курс), өндірістік педагогикалық практика (4-курс) мазмұнына ендірудің де мүмкіндіктері жан-жақты саралануы тиіс деп білеміз.

Осындай *кәсіби педагогикалық бағыттағы жоғары білім берудің басты мақсаты* – отбасы институты мен мектеп бағдарламаларынан бастау алып, санаға сіңген жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне, цифрлық дәуірге қадам басқан қоғамды, ұлттық болмысты жеке тұлғаны, оның мәдениетін, дамытып, қалыптастыруды көздей отырып жүзеге асырылуы тиіс. Ал осындай мазмұнға ие біліммен қаруланған *«Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті»* – біздің көзқарасымызша, педагогтың халықтық дәстүрлі педагогикалық мәдениетті меңгеру деңгейінің көрсеткішін және оның құндылықтарының тәрбиелік мәнін жете түсініп, бүгінгі оқу-тәрбие процесінде қолданылуын сипаттайтын, әлеуметтік-педагогикалық феномен. Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті этнопедагогикалық білімдер жүйесінің болуымен, ойлау процестерінің этнопедагогикалық бағыттылығымен, кәсіби іс-әрекетті этнопедагогикалық құралдар арқылы шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруға деген бағдардың болуымен ғана сипатталады [14].

Қорытынды

Сонымен тұжырымдай келе айтқанда бүгінгі Әділетті Қазақстанды құрып, дамуда жаңа серпін алып отырған, әрі қоғам талап етіп отырған «АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС» қағидатына толық сай келетін, ұлттың зияткерлік қуатын арттырушы педагогикалық кәсіп иелері жастарды өмірге даярлауда жаһандық құзыреттермен қатар, өз ұлттық құндылықтарымызға негізделген этнопедагогикалық білімнің қуатын тиімді пайдаланудың бүгінгі педагогикалық үдерістегі барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруымыз керек.

Жоғары кәсіби білімді, білікті кәсіп иесін тұлға ретінде қалыптастыруда біз жастарды өмірге бағыттап, жан-жақты, жүйелі тәрбие беруден (тәрбиелеуден), оларды өзін-өзі тәрбиелеуге (тәрбиеленуге) бағыттауды ескергеніміз жөн.

Біз осы орайда өз көзқарасымызды қазақтың ұлы ұстазы, ақын Мағжан Жұмабайұлының: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. ...әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген ойымен сабақтастыра отырып тұжырымдаймыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2024. – Кіру режимі: zakon.kz жаңалық - 15:20, 02 қыркүйек 2024 [Қаралған күні: 04.12. 2025 жыл].

[2] «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1035793> [Қаралған күні: 24.12. 2025 жыл].

[3] Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Бұйрық (26.05.2025 ж. №123). – Кіру режимі: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/%D0%9D%D0%9F%D0%94/1%20%D0%9F%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20%D0%90%D0%B4%D0%B0%D0%BB%20%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%82%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20.pdf> [Қаралған күні: 12.12. 2025 жыл].

[4] Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. /Құраст. Т.Ғабитов, А.Құлсариева және т.б. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.

[5] Сарсенбаева Г.Х., Жумабаева А.Е. Ұлттық құндылықтар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамытудың мүмкіндіктері. //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2023. – Т. 77. – №. 1. – 267-275 б. <https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.028>

[6] Sakti S. A., Endraswara S., Rohman A. Revitalizing local wisdom within character education through ethnopedagogy apporach: A case study on a preschool in Yogyakarta //Heliyon. – 2024. – Т. 10. – №. 10. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e31370>

[7] Kusainova M. A. et al. Ethno-pedagogical conditions for forming a healthy lifestyle in the educational process of younger schoolchildren (Condiciones etnopedagógicas para la formación de un estilo de vida saludable en el proceso educativo de los niños de escuela primaria) //Retos. – 2021. – Т. 39. – С.488-493. DOI: <https://doi.org/10.47197/retos.v0i39.78562>

[8] Ұзақбаева С.А, Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедagogикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998. – 48 б.

[9] Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Глобус баспасы, 2014. – 468 б.

[10] Бахтиярова Г.Р. Дәстүрлі педагогикалық мәдениет тарихы: электронды оқу құралы. (ҚР Әділет министрлігінде тіркелген. Куәлік №1182. 30.05.2017ж.). – Ақтөбе. СД.

[11] Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. Пед. соч.: В 6-ти т.Т.1. /Сост.: С.Ф. Егоров. – Москва: Педагогика, 1988. – 416 с.

[12] Рассел Григг. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 600 б.

[13] Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. 196 б.

[14] Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: тарих, теория және практика. Монография. – Ақтөбе, 2014. – 372 б.

REFERENCES

[1] Qasım-Jomart Toqaevtiñ Qazaqstan xalqına Joldawı – 2024 (Address of Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan – 2024). – Kirw rejimi: zakon.kz jañalıq – 15:20, 02 qırküyek 2024 [Qaralğan küni: 04.12.2025] [in Kaz.]

[2] «Adal azamat» birtutas tärbie bağdarlaması (“Adal Azamat” unified educational program). – Kirw rejimi: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1035793> [Qaralğan küni: 24.12.2025] [in Kaz.]

[3] «Bılım berw uyımdarında “Birtutas tärbie” bağdarlamasın bekitw twralı» Qazaqstan Respwblıkası Oqw-ağartw mınıstrınıñ 2024 jılğı 30 şıldedegı №194 buyırığına özgerister engizw twralı Buyırq (26.05.2025 j. №123) (Order on amendments to the Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated July 30, 2024 No.194 “On approval of the “Unified Education” program in educational organizations”). – Kirw rejimi: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/%D0%9D%D0%9F%D0%94/1%20%D0%9F%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20%D0%90%D0%B4%D0%B0%D0%BB%20%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%82%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20.pdf> [Qaralğan küni: 12.12.2025] [in Kaz.]

[4] Mädeni-filosofiyalıq enciklopediyalıq sözdık (Cultural-philosophical encyclopedic dictionary). /Qurast. T.Ğabıtov, A.Qulsarıeva jäne t.b. – Almatı: Raritet, 2004. – 320 b. [in Kaz.]

[5] Sarsenbaeva G.X., Jumabaeva A.E. Ulttıq qundılıqtar negizinde bolaşaq bastawısh bilim pedagogteriniñ transversaldı dağdıların damıtwdıñ mümkinşilikleri //Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya «Pedagogičeskıe nawki» (Possibilities of developing transversal skills of future primary education teachers based on national values // Bulletin of Abai KazNPU, series “Pedagogical Sciences”). – 2023. – T.77. – №1. – 267-275 b. <https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.028> [in Kaz.]

[6] Sakti S.A., Endraswara S., Rohman A. Revitalizing local wisdom within character education through ethnopedagogy approach: A case study on a preschool in Yogyakarta //Heliyon. – 2024. – Vol.10. – №10. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e31370>

[7] Kusainova M.A. et al. Ethno-pedagogical conditions for forming a healthy lifestyle in the educational process of younger schoolchildren //Retos. – 2021. – Vol.39. – P.488-493. <https://doi.org/10.47197/retos.v0i39.78562>

[8] Uzaqbaeva S.A., Qojaxmetova K.J. Joğarı mektep stwdentterine etnopedagogikalıq bilim berw tujırımdaması (Concept of ethnopedagogical education for higher school students). – Almatı: Öner, 1998. – 48 b. [in Kaz.]

[9] Uzaqbaeva S.A. Qazaq xalıq pedagogikası: oqw quralı (Kazakh folk pedagogy: textbook). – Almatı: Globws baspası, 2014. – 468 b. [in Kaz.]

[10] Baxtıyarova G.R. Dästürli pedagogikalıq mädeniet tarixı: elektrondı oqw quralı (History of traditional pedagogical culture: electronic textbook). (QR Ädilet mınıstrliginde tirkelgen. Kwälik №1182. 30.05.2017 j.). – Aqtöbe. CD. [in Kaz.]

[11] Ushinskiy K.D. O narodnosti v obshchestvennom vospitanii. Ped. soch.: V 6-ti t. T.1. /Sost.: S.F. Egorov (On nationality in public education. Pedagogical works: In 6 volumes. Vol.1). – Moskva: Pedagogika, 1988. – 416 s. [in Rus.]

[12] Rassel Grigg. Bastawış mektep muğalimi: şeberlikti şındaw (Primary school teacher: improving mastery). – Almatı: «Ultıq awdarma byurosı» qoğamdıq qorı, 2020. – 600 b. [in Kaz.]

[13] Qusayınov A. Älemdegi jäne Qazaqstandağı bilim berwdiñ sapası (Quality of education in the world and Kazakhstan). – Almatı, 2013. – 196 b. [in Kaz.]

[14] Baxtıyarova G.R. Qazaq xalqımnıñ дәstürli pedagogikalıq мәdenieti: tarix, teoriya jäne praktika. Monografiya (Traditional pedagogical culture of the Kazakh people: history, theory and practice. Monograph). – Aqtöbe, 2014. – 372 b. [in Kaz.]

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ – ОСНОВА ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО УМЕНИЯ

*Бахтиярова Г.Р.¹

^{*1}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Актобе, Казахстан

Анотация. В содержании статьи подчеркивается важность и актуальность использования национальных ценностей в содержании педагогического процесса при осуществлении подготовки педагогических кадров с точки зрения отечественной этнопедагогической науки в сфере высшей школы. Всесторонне анализируется и формулируется необходимость целенаправленного, комплексного, системного использования национальных ценностей в формировании профессиональных этнопедагогических знаний, умений и навыков обучающихся в соответствии с закономерностями педагогики.

В статье формируется целостное представление о педагогической деятельности как многофакторном, противоречивом и сложном процессе. Подчеркивается, что деятельность педагогов, составляющих интеллектуальную потенциал нации, отражается в системе взаимодействий «Человек – Человек» и «Человек – Символ».

Автор предлагает пути решения проблемы профессиональной подготовки этнопедагогической направленности, обосновывая противоречия между необходимостью квалифицированных педагогических кадров, реализующих единую воспитательную программу «Адал азамат», общую для современных общественных систем образования, и недостаточным уровнем их подготовки в условиях вуза.

Для исследований в данном направлении выделяется сущность понятий «ценность», «национальные ценности», группируется система

национальных ценностей, акцентируется важность понимания их содержания и разграничения. Автор также подчеркивает важность понимания сущности понятий «этнопедагогическая подготовка», «этнопедагогическое образование» и «этнопедагогическая культура» на основе выполненных исследований.

Обосновывая связь между педагогической теорией и современным педагогическим опытом автор подчеркивает важность формирования системы профессиональных этнопедагогических знаний и квалификаций на основе национального духовно-культурного наследия, наряду с глобальными компетенциями. В этой связи автор дает ряд рекомендаций и выражает свои взгляды на совершенствование содержания образовательных программ вузов, индивидуальных учебных программ и учебных дисциплин.

Ключевые слова: этнопедагогика, этнопедагогическое образование, ценности, национальные ценности, профессиональная подготовка, профессиональные знания и умения, традиционная педагогическая культура, подготовка будущего педагога

NATIONAL VALUES – THE BASIS OF ETHNOPEDAGOGICAL KNOWLEDGE AND PROFESSIONAL SKILLS

*Bakhtiyarova G.R.¹

*¹K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. The article emphasizes the importance and relevance of incorporating national values into the pedagogical process in the training of preservice teachers, drawing on national pedagogical approaches in higher education. The article comprehensively analyzes and substantiates the need for a purposeful, integrated, and systematic use of national values in the formation of professional ethnopedagogical knowledge, skills, and abilities of students in accordance with the principles of pedagogy.

A holistic understanding of pedagogical activity as a multifaceted, complex, and contradictory process is provided. It emphasizes that the professional activity of teachers, who form the intellectual potential of the nation, unfolds within systems of interactions characterized as «Person-Person» and «Person-Symbol».

The author suggests ways to solve the problem of ethnopedagogic vocational training, substantiating the contradictions between the need for qualified teaching staff implementing the unified educational program «Adal Azamat», common across modern public education systems, and the insufficient level of their training in the higher education institutions.

For research in this area, the essence of the concepts of «value» and «national values» is clarified, the system of national values is grouped, and the importance of understanding their content and differentiation is formulated. The author also emphasizes the importance of understanding the essence of the concepts of “ethnopedagogic training”, “ethnopedagogic education”, and “ethnopedagogic culture” based on the research performed.

Substantiating the connection between pedagogical theory and contemporary educational experience, the author emphasizes the importance of forming a system of professional ethnopedagogical knowledge and qualifications based on national spiritual and cultural heritage, along with global competencies. In this regard, the author makes a number of recommendations and expresses his views on improving the content of university educational programs, individual curricula, and academic disciplines.

Keywords: ethnopedagogy, ethnopedagogic education, values, national values, professional training, professional knowledge and skills, traditional pedagogical culture, future teacher training

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 30.12.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.*

Автор туралы мәлімет:

Бахтиярова Гүлшат Рахметжанқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, E-mail: aibol04@mail.ru

Информация об авторе:

Бахтиярова Гульшат Рахметжановна – кандидат педагогических наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан, E-mail: aibol04@mail.ru

Information about the author:

Bakhtiyarova Gulshat Rakhmetzhanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, E-mail: aibol04@mail.ru